

Л2005
6081к



Бақыткерей ҮІСҚАҚ

**ЖҮРЕГІМ -
ЖҰЛДЫЗДАР ҰЯСЫ**





Бақыткерей ҮСҚАҚ



ЖҮРЕГІМ - ЖҰЛДЫЗДАР ҰЯСЫ

өлеңдер, толғаулар, поэмалар



Астана
2004

821.52.122-1

ББК 84 Қаз 7-5

Ы 88

Қазақстан Республикасы
Ақпарат министрлігінің бағдарламасы
бойынша шығарылды

Ысқақ Б.

Ы 88 Жүргегім – жұлдыздыр ұясы. Өлеңдер, толғаулар, поэмалар. – Астана: Фолиант, 2004. – б.

ISBN 9965-619-67-0

Белгілі ақын Бақыткерей Ысқақтың "Жүргегім – жұлдыздар ұясы" аталатын бұл кітабына әр жылдары шыкқан жыр жинақтарындағы лирикалық өлеңдері мен поэмалары еніп отыр.

Соңғы жылдары жазған жаңа жырлары мен поэмаларында ақын елімізде болып жатқан ұлы оқиғаларға шабыттана үн қосады.

Адамгершілік, достық қарым-қатынас, азаматтың қоғам алдындағы борышы – Бақыткерей өлеңдерінің арқауы.

Тұған жердің әсем табигатын, жастық шақтың ерекше, бөлек, сұлу бейнесін, ыстық махаббаттың нәзік тербелісімен жырлайды.

Ы 470225202 04
00(05)04


ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-619-67-0

© Ысқақ Б., 2004.

© "Фолиант" баспасы, 2004.

Фендер



*Шадыман шаттық-
жылдарым,
Сыр сандық толы –
жырларым!*



Алпысқа сәлем!

Ассалаумагалейкүм, Алпыс асқар!
Маған жұмбақ жолдарың жарыс бастар,
Тура ма, айналым ба, бәйге аламан,
Шаңымды шақырымдар алыс тастар.

Алпысқа асқар белге-мен де келдім,
Бастагы білім, ойды-елге бердім!
Көңіл жеткен биікке қолды сермен
Бұйырган ырыздықты-Жерден тердім!

Мен де пендең, жетсем деп армандағым,
Салған әнім:

Отаным,

Елім,

Далам,

Егісінен Бабамның алған дәнім!

Тамыз, қазан, ақпан да мамыр өтті,
Қар жаңбырын кештірді, өмір епті.
Әке-шеше, туыстар, бауырластар
Кетті оранып жеті кез ақыретті.

Алла берген, бес балам — бес саусағым,
Немере, жиендерім — көз каусарым.
Құлаш ұрган, жұз құлаш жагалауга
Бір жүзейік, Жанарым, жаса жарым!

Я, тоба, асқар белдер өркештей бер,
Бауыр, дос, туган жерім бел шешпей ер.
Ақсақал абыздардың салған жолын
Өнерін басындағы тіл, көздей көр!

Ұзартпас гұмырымды алтын тастар,
Бірге бол, атамекен, жарқын жастар.
Жанымды жетелей бер жолдарға алыс
Мен Ұлың, жарысқа сал,
Алпыс, асқар!!!

Қамшыгер

Өрімі алты тұтам, мүйіз сапты,
Қасиетті қамшыда бар иіс тәтті.
Қолы қатты Қамшыгер тартып өтсе
Көн түгіл, тіліп өтер киіз қапты...

Еңтілік, дәлшіл, тездік, шалымдылық,
Сезімтал, өткір, батыл, қарымдылық,
Сертке берік Қамшыгер сескенбекен
Қаһарланған Ханға да кәрін төгіп.

Бұлжытпай, қапы кетпей шайқастарда,
Сермелген серік болып алдаспанға.
Батыра, көсе серпің, орай тартса —
Бас түгіл, қақ, айрылған қара тас та!

Барымта, бәсекеде қан да сіңер,
Бүктеліш белбеуінде, жанда жүрер.
Көстите, дырау тисе жайратады —
Тобықиен, шынтақты үрган-Қамшыгер!

Күдері, дойыр, барбас, жыланбауыр,
Қамишы алақаны құлан сауыр.
Екинің наизағайдай көз ілеспес
Суылы ысылдаган қыран дауыл!

Мергендік, қарулы күш-білегінде,
Өжеттік Қамшыгердің-жүрегінде.
Сабында-сұлулығы, беріктігі
Ашуы он алты өрім-өзегінде!..

Қашан да жоқ, іздейміз барды ақтарып,
Айтамыз көп шындықты алдан барып.
Қамшыгердің көзіндей, сол қамшыны
Үстасам, кетем кілең — аруақтанып!!!

Қайыңдышоқы

Тобылғы қыр,
қамшыға алғам сап,
Шоқысына өрлең келем алға атташ.
Адамдарға алдағының бәрі арман
Басқан сайын бара жатыр асқақташ.

Қайыңды тау,
Арғын-Қыпшақ мекені,
Көздеген жер, таңдал атқан текені.
Шегінеді боз тұманды жамылын,
Қалампирлы, бұлдірген сай етегі.

Қайыңды өзен, қамыс, талды толқытқан,
Аққу қайда аспан астын балқытқан?!
Керек қазір, итаяғы алтыннан
Болған байлар – үлтарағы барқыттан!

Болған байлар... арыстандай ақырган,
Қан шыгармай тырнақтарын батырган.
Аштан өлмей, көштен қалмай
Ел сонда
Малын бағып, тентіремей отырган...

Аяқ тіреп туган жердің тасына,
Өрлең келем, даңқ бардай басында.
Құмар қанып, әр басқанда жасарам
Жүйрік қиял, тасымашы, тасыма!

Әрекетсіз, гұмыр кешу тірлік пе,
Қол үшын бер, қол жеткендер билікке.
Бекзаттығын, Берекесін-халқымның
Көрмек болып-өрмелеймін биікке.

Әбдігапар, соңғы ханы-Қыпшақтың,
Таққа отырмай, шықсан шыңы-Қазақтың.
Қолын жайып,

Елге бақыт тілеген
Дәстүр, даңқын сақтау үшін-ұрпақтың!

Ұлы мурат,
Адал-бірлік, ақ алмас,
Елің үшін, жауыңа шап жалаңбас.
Қорыққанда қобyz алған қолына
Кияметте құлақ күйін таба алмас.

Басын қосқан, исі қазақ қонысы,
Жеткізбейді Қайыңдының шоқысы.
Шығу арман-жан жұтамай тұрғанда
Ай, Жұлдыздың қатар келмей тоғысы.
Қол созым жер...
'Қайыңдының шоқысы!

Әулие ағаш

Откен-кеткен пендeler табынатын,
Жолдан жырақ, түрдө ағаш қабығы "алтын".
Жапырағы шуылдап жел өтінде
Жолаушыны қарсы алып жолығатын:

Көк шалғынға шідерлеи атын барып,
Жатушы еді, адамдар малын шалып.
Киесіне бас үрыш, тәуіп етіп
Үрим жасап байлайтын, ағын алып.

Сылаң, сипап, арса-арса бұтақтарын
Босатпайтын су ішіп, бұлақ маңын.
Дастарханын далара жайып тастап
Ата-бабаң отырган қарақтарым!

¹Торғай даласындагы биік шоқының біреу, биіктігі 569 м.



Тәңір оты – түснеген найзагай да,
 Қадамаган төсіне-жау да найза.
 Мың тілектің қайтар дең, бір сауабы,
 Ықыласпен ойлайтын жанга пайда.

Жоғын сұрап ғарыш жан жалынатын,
 Көшін бұрып, тоқтатып табынатын.
 Батыр, бай да тазарыш, маңдас құрып
 Жұмбақ, күшке тіленіп табынатын...

Өулие жер, суы ма, агашы ма,
 Бақ, қондырган қу басқа...
 нанасың ба?!
 Кездеседі, бар, – дейді оттан қалган
 Өулие агаш қазақтың даласында.

Бір құдірет болмаса, келмес елің,
 Ақыл сана, түйсікті жеңбес едің.
 Жеңбес өлім,
 Өзінді ешқашаңда...
 Іздеп келем... Сен қашан кездесесің!

Бүркіттің сыры

Тым ерекше шой бітім жаратылған,
 Құйрығынан қос көбе таратылған.
 Жайса қанат шалғысын құшақ жетиес
 Заулап ағар, жасында тура атылған.

Делкүлданса шәулінің¹ нар тұлғасы,
 Бұлттар көшіп, жайпалар талдың басы.
 Кекжал түгіл бір бүктер жолбарысты,
 Жемсауында күтірлеп таудың тасы.

¹Шәулі – бүркіттің еркегі.

Тұяғы ұзын, салалы төрт саусақ бар,
Сығымы¹, жем басары² көк қармақтар.
Шеңгелді³, тегеуірінмен⁴ басқан кезде
Олжаның қызыл қанын құрт саулатар.

Томағасын тұмсықтан сыптырганда,
Бір шаңқ eter шымыр үн аш қарында.
Сершіл тастап тұғырын, оқтай үшар
Жеті қабат көк зенгір асқарына.

Толық саны сіңірлі, тегеуірінді,
Тепкісіне шыдамас бөгеу түрлі.
Оттай ойнап жарқылдаپ қызыл көзі
Арқаланаар жердегі демеу үнді.

Тас тұлектен⁵ жеткенде мұзбалаққа⁶,
Үш тоғызды арттырар шапқан атқа.
Не жетеді қызыл жон қыр тұлкісін
Байлап кетсөн, күлім көз, ақ тамаққа...

Бүркіт тобы сан топқа бөлінеді,
Қыргый, сұңқар, ақ түйғын көгімдегі.
Қаршыға мен бидайық, лашын құс,
Тұрымтай, ителгілер өнірдегі,
Күйкентай, жағалтай бол бөлінеді.

Жүйке тозса адамның оңбайды ісі,
Кімнің ерте келеді кәртайғысы.
"Шық саятқа жігерлен,
Қыран құстың
Қанатында қалады-ер қайрысы!" –

¹Сығым — ортаңғы

²Жембасар — ішкі

³Шеңгел — сыртқы

⁴Тегеурін — артқы саусақтар

⁵Тас тұлек — торт жасы

⁶Мұзбалақ — бес жасы

Деген менің елімнің-қариясы,
 Өртегенде өзегін жан саясы...
 Біктесе кім болсын еркін жүрер
 Көктегінің кең болар көз аясы!

Таңба

Әр тайпаның, сан рудың болған жеке таңбасы,
 Сол таңбаның құлпыгастан,
 малға түскен жалғасы.
 Жат халықтың таңбасынан жерін,
 малын қорғаган,
 Жарлы болсын, арлы болған,
 ол заманның баласы.

Қиялымен өлшеп ойын, топшылаган ақылмен,
 Санасында шырагы бар,
 адап жаннның алды кең.
 Келін алып, қыз ұзатып, батыс, шығыс,
 он, солға
 Жүрек шаншыр мұңын ғана,
 тек бөліскең жақынмен.

Тағдыр – өзен тасығанда, кеңге жаяр арқасын,
 Жат мекеннен сауга сұрап,
 жер, су, қоныс табарсың.
 Құштарлықтың алапаты көтерсе де билікке
 Қорқытып та,
 күшіңмен де ала алмайсың таңбасын!

Мөр,
 жалауда анықтагыш таңбасы бар аңның да,
 Өзен, тауы бояуымен,
 шыққан күн мен таңның да.
 Елдің даңқын көтереді, шоқтай зерлі жалаулар
 Патша, батыр, антын берген, тізе бүгіп алдында!



Елтаңбада тарихы бар, алмагайып гасырдың,
Қолтаңбада жан сыры бар,

салт — өнері асылдың.

Ен таңбада ырыздығы, тірлік көзі байлық бар,
Сүйегіме таңба салмай,

мен де — намыс асындым.

Қасиетті, ұлы-бақыт, қадыр, атақ, айбын да,

Махаббаттың Сұлулығы аясында, бойында.

Ұлытауда қашап салған,

тур қазақтың-таңбасы...

Алла салған көк гарышта —

таңбасы бар Айдың да!

Қарлығашым

Қарлығаш құсым қай жақта жүрсің,

келмедің туған ауылға,

Қанаттың талып, қайраттың қайтып,

қалдың ба дауыл, жауында.

Құз-жардан таштай, есікті жаппай,

отырмын басым салбыраң,

Ақ, тамақ, құсым, жылайды ішім,

аспан жер қалды қацыраң.

Қарсы алыш қырдан, зуылдап алдан,

үшпайсың бірің бұл күнде,

Тартыныш барган, оралмай қалған,

Келіндей кеткен төркінге.

Багандар сиреп, үзілді түйдек,

ноталар жазған сымдарың,

Хабарны құсым, бар кезде сенің,

ерекше бізге құндарың.

Келіндер үшши, оралсын жақұт,

ақ, тамақ, қоңыр қанаттар,

Орнында қыстау, қой, ешкім аздау,

жылынып сендер қонақтар.

Оралсын достар, оралыны құстар,
жұмыртқа басқан жеріңе,
Домбырам сойлер, төгілер күйлер,
тиегі болны шегіне!

Ысқақтар

"Талаілардың фамилиясы-Люмбетов"
ІЗТАЙ.

Білмейді адам, гұмыр көшін қай мезілде тұрақтар,
Нар қамысқа айналады құлын қүйрық, құрактар.
Тәтті үміті үзілмеген, мынау аңы өмірден
Теңізді аңсар өзен көлім, озенді іздер бұлактар.
Бауыры ыстық өкпесі жоқ,
адал жүрек-құшақтар,

Амансың ба?
Бар болындар, өкесі аттас — Ысқақтар!

Үстімізде тұрмыс, дөуір, тайғақ асу жанталас,
Бар жиганы суга кетің, тал қармагаш қарбалас.
"Ханнан қазық,
Биден тоқтақ," қазақ, халқы корсе де,
Ар-намысты жерге таңтаи, елден безін сандалмас.
Қалған талай, келер тағы мойын,
қолға алтын тас,
Ысқақова, Ысқақ, тегі, басқалар да таң қалмас.

Кісіліктің қайырымын, қуанышын — ел корсін,
Тас түйінде қамшыңың алтын өзек өрмесін.
Әкім, әніңі, академик, дәрігерсің, галымсың,
Әскер басшы, геологсың ізден таңқан кен тосін.
Дізгін берген бәріне де қақпайламай делбесін,
Ел сыйлайды еңбегі адап, үл мен қызға сенгесін.

(Балаларда бұндай есім кездеснейді осы күн),
От Анамен қунде аластан, үкі түяқ бесігін,
Құран ашын әкемізге осы есімді берінгіті,
Ысқақ атты Пайғамбардың құрметтен есімін.
Алын жүрміз содан бері, адап табыс-несібін,
Жайық, Ертіс, Нұра, Іле, Торғай күн — Есілім!

Бір Ысқақов хас жазушы, бірі ақыны халықтың...
Кетсе де олар жер бетінде дөні қалар үрықтың.
Ысқақовтар:

үстаз, сарбаз, студенттер, үшқыштар,
Бірі бос жүр, арман тербел арқасында нарықтың.
Жол табармыз қара түн мен арасынан жарықтың.
Арман, үміт, өмір барда, көңіл неге зарықтың.
Жұмыскердің ішкі сырын білдіреді келбеті,
Дәулеттінің мырзалаққа бейім келер әулеті.
Айбатымен қол бастаган аты шулы ханынды
Ақын, жыршы айтудың танып білген жер беті.
Ақыл, ойды, ақ, ниетті жене алмайды жел өті
Ысқақ-тегі көбейіндер,
Пайғамбардың — үмбеті!

Оят, жаңбыр

Құйыл жаңбыр,
Тогіл жаңбыр, бұрымынды тарқатып,
Атыраңты,
Топыракты, жіберді аяқ шаңдатып.

Алла-құні,
Аспан үні жер бетіне жіберген,
Ей, адамдар,
Тұр шамаң бар, қара алдыңа, жігерлен.

Топан селді,
Заман желі, мезгілінде тоқтатар,
Сені, мені,
Омір демі ілестіріп таң атар.

Жырла жаңбыр,
Жүрек балқыр дауысынан жаңылма,
Жемқорланбай,
Елді алдамай келсін пенде ақылға.

Жатқан тылсым,
Тазартылсын, сай-саланы аршыңдар,
Ұйқылы ояу,
Тірлік баяу, қалай жүрген жансыңдар.

Жылы көздер,
Жақсы сөздер, шықсын адам аузынан,
Сипап айтқан,
Жылап айтқан,
Көктің оян даусынан!

Реанимацияда

Ақ түтектер көк тамырдай тарбиып,
Жатыр маган, шыны-шыны қан құйып.
(Етпетінен туган басым,
жер басып
Бір тоймаган бұл өмірден шалқын).

Ақын жүрек, тымырайма, бұлқынба,
Жебірейіл шенгелі жоқ алқымда.
Тұңғиықтан алып шықты бір адам,
Басқан іздей қалды тажал артымда.

Елестейді, бүтін зат жоқ – бөлшектер,
Ақдулыға қоршаган қыз, еркектер.
Қайдан бассын тамшы сұы шөлімді,
Тілім ұшы, болар-болмас кермек төр.

Ана сүтін – жүрегімнің қорегін,
Бұлдірдім-ау, қалған өмір-тірі өлім.
Шыны-шыны (жынга толы шараптай)
Адам қанын –
Ішіп жатыр жүрегім!



Өнер нұры

Жұмабали Өмірбекұлына

Сен жүрген күре жолды шаң баспасын,
Дос-түйс құшақғагы адаспасын.
Жан-ага,
Кісілігің – бір сағыныш
Адалдық – кеудендеңі асыл тасың.

Абырой, асыл, қадыр - қанағатта,
Мінуге жаралған - тақ,
казанат та.
Мұратың - ізгіліктің жолын тауыш
Жаттасын,
Есімінді галам жатқа!

Арқада гүл сөйлейді бір әнді ескен,
Олар да тіршілікте тұман кешкен.
Тұган жер қасиетін,
Жолдас еттің
Ұмығтаій, тіл, дініңді,
Құдайды естен.

Бұл күнде аспан, жерде ағын күшті,
Асыл құс өнерінді алып үшты.
Қақ айыр қара бұлттың кек сауырын
Жасындаі жарқылдасын жалын ішкі.

Қүй, селдег, өнеріңмен жауын болып,
Кетті гой тозаң басып,
дауыл толып.

Жапырақ жайсын нұрға алақаның
Үстіне көк майсаның ауыл қонып.

Ұш, самға туган елдің тұғырында,
Дөңгелесін жұмыр жер жұмырында.
Көз аясы кең болар —

көктегінің

Қыпшақ тілі

Тілмен егіз, ел-жүргің бар тағдыры,
 Қонған басқа бақ, болып әруақтары.
 Жеті қабат асманға бұтақ, жайған
 Алып терек Алаштың тармақтары.

Жер шарында адамның қанша түрі,
 Тілдері бар соншама,
 Алшақ діні.
 Сақталған Венеция шіркеуінде
 Махмуд Қашқаридың,
 "Қыпшақ тілі".!

Он үшінші гасырдың жылнамасы,
 (Қайран қыпшақ қалмаған қайда басы).
 Қашап жазған қаншама өз тілінде,
 Бізге мұра қалдырган қалқан тасы...

Үйде туыш, дүзде өскен – бабаларым,
 Қылыш қайрап, ат мінген – даналарым.
 Кир патшадай жаулардың басын кесіп
 Ел қорғаган, қолаң шаш – аналарым!

Алтай, Еділ арасын мекен етіп,
 Дешті қыпшақ жайлаган өн тербетін.
 Көк бөріге сыйынған жатса-тұрса,
 Байрагының сабына шекелетін.

Жау өтінде дүшпілі ақыны Петрарка Махмуд Қашқаридың "Кодекс куманикус" яғни, қазіргі күні "Қыпшақ тілі" деп жүрген қолжазбаны олерінде Венецияның "Марк Өулие" шіркеуіне сыйға тартқан!

¹Италияның өйгілі ақыны Петрарка Махмуд Қашқариidyң "Кодекс куманикус" яғни, қазіргі күні "Қыпшақ тілі" деп жүрген қолжазбаны олерінде Венецияның "Марк Өулие" шіркеуіне сыйға тартқан.

Батыл сөйлер,
 Басқага үнім ермес,
 Ой санасын, қор еткен күнін көрмес.
 Ана тілім –
 Бабамның таза қаны,
 Тілімді жұл,
 Жазамын – тілім өлмес!

Тілім, дінім, өмірім, бостандығым!
 Айбат намыс,
 Қазына ақ сандығым.
 Сәби мұңсыз өмірде, қасірет үнсіз
 Тілім барда қолымда аспандағым!
 Тілім, дінім, өмірім, бостандығым!

Ақ диірмен

Кез алдында, сар құлше, ақтары нан,
 Аппақ үн сап тулаққа ақтарылған.
 Ақшыл диірмен, ұста шал жасап берген
 Ұлы таудың құлаған жақпарынан.

Құлақта үні, тістетіп қашағаны,
 Тамған тасқа терімен қоса қаны...
 Ырыс, байлық тіршілік тұтқасы бол
 Сол екі тас күзеткен босағаны.

Кіндігіне бақалак, тығырық сап,
 Тұтқа сабын жіп орап нығырықтап.
 Тартым түнде жүрелеп, ақ диірменді,
 Күндіз қолым тимесе, іңір үйықтап.

Ұяра сап уыстап ақтағанды,
 Үіқылықтап, ыңылдан салғам әнді.
 Бір ыргакқиен диірменді дәңгелетіп
 Желл-желлі етіп түсетін тартқам дәнді.

Диірмен даусы ыргалыш, аңыраган,
Лынылдатса боздап ап жамыраган.
Ақтарылган ақ, үнді лекілдегін
От босында балғын шақ, зымыраган.

Әжеммен де қолдастым, шешеммен де,
Неге сонша көтті өмір есең менде...
Қасиетті сол нанның киесі ме,
Аман қалдым, ажал-оқ, козенгөчде.

Қызыл дәндей диірменнен аман түстім,
Арқасында құламай табан күштің.
Алпақ, үндай, еңбегім, өлсіндерім –
Бауырсағы шашылған қуаныштың.

Дәмі келер ойласам таңдайыма,
Кісе нанның күші бар тал бойымда.
Диірмен тастай дүние... көрін келем,
Жаратқаның жазғанын маңдайыма!

Жұрттагы үй
Жұрттагы үй – еске салады,
Ескі ауыл, өткен жылдарды.
Доп ойнаган алаңы,
Қара табан үлдары.

Қария қарттар жоқ, бүгін,
Тенейміз бөрін асылга.
Атадан қалған көз мұлқін
Жогалттым өткен ғасырда.

Қабырға қалған сойдиып,
Қамшы, тымақ ілінген.
Пеш орны жатыр монтиып
Әжелер белі бүгілген.

Отырыш еді-ау көрпеде,
Алқақотан қонақтар.

Танымал жандар өлкеге
Шешен тіл, құйма құлақтар.

Ескі үйдің жаны айнала,
Аққұман, кесе сынығы.
Қарасаң бәрі жәй ғана
Ойласаң өмір қызығы.

Құлындар аунап желіде,
Қызықтырган шалдарды.
Қалыпты басып бүгінде
Алабота албарды.

Жым-жырг малсыз айдала,
Келмейді ешкім бұл жерге.
Жасындаі көздің жол ғана
Төгіліп жатыр өзенге.

Кесіртке кірді қуысқа,
"Қожасы мен -- деп, -- сарайдың".
Гүрілдеп үшқан дауысқа
Жұтаган жұрттан қараймын.

Баспалдақтар

Заманға сай жолдар көп баспалдақ бар,
Аяқ барда алшаңдаи аспандаи қал.
Мәрмәр тастың үстінде қалы кілем
Кемпірқосақ түріндей баспалдақтар!

Үмітіңе бастайды баспалдақтар,
Таянышын нық, ұстан қос қолдаи бар.
Төзімінді құрбан қыл қырсықтанбай
Жол түскенде аянба асқарды ап қал.

Белді шешіп жетсең сен, жалқауланба,
Керек жерде, керең бол, сақаулан да,
Қырық, қырсық, жолға бүр өзің шыққан
"Басқышыңды" бастырма тақау жаңга.

Күдік сәтсіз, өрбісе күлдей уат,
Жетімдіктің желі өткен-елдей шулат.
"Баспалдақтың" басында отырғанда
Өзі берер тіршілік -- күндей қуат.

Сені қутер майысып дастарқандар,
"Баспалдақтың" үстінде дос болғандар.
Шығарады биікке, тусіреді,
Мансаптай бұратылған -- "Баспалдақтар"!
Бас-

пал-
дак-
тар!

Асыл сый

Тұрмысыңмен тірлікте алшаңдайсың,
Қанша секір, бойыңнан аса алмайсың.
Тобық, тайды сүрініп қара тасқа
Келді бейнет,
Өткенді армандайсың.

Жігіт едім, тұрмайтын қолды-аякқа,
Көңілім бай, ақы, пұл алмай-ақ та.
Бір пендеге арамдық, ойламай-ақ,
Шыға келдім таянып ақ, таяққа.

— Шықпақ түгіл, жүр әне, сыңар аяқ,
Шауып ертең кетесің құлындар-ақ, —
Деп, бір Досым сыйлады қолыма үстар
Асыл таспен зерленген шұбар таяқ,

Жан емес ем, құмарпаз — жарқылдаққа,
Үстап жүрдім мінгендей аргымакқа...
Қанша жерден, құны асыл, алтын болсын
Жетпейді екен, бір басқан екі аяққа!

Өліара

Ақ көрпесін жайлап ашып паң даға,
Желге арқасын сипатады жай гана.
Қыстың қолын тәмен жаққа сырғыған
Уысына ап жібермейді сай-салада.

Қоңыр желден шуақ исі құйылыши,
Кәрі қыстың соңы кетті сүйылыши.
Қожайын кеп, қашып шыққан серідей
Асығыстан алба-жұлба киініп.

Күн қүймеден ақ сәукеле құледі,
Алтынкүрек етектен ап кіреді.
Сепкіл-сепкіл өзен бетін сипалап
Тұман қолы мұз іргесін түреді.

Ақлан, наурыз сөйлеседі бір үнде,
Нәзік дыбыс мұз сүңгінің тілінде.
Тау мен даға тұтқындарын алмасып
Елшілері отыр терек түбінде.

Носер

Қара бұлттың жер иіскеп жамбасы,
Шұпір-шұпір толды өзеннің арнасы.
Аспан асты жарылғанда түнеріп
Етпеттеген гүлді құшты қыр басы.

Мұздай судың саусақтары сүйрендең,
Дөңнен тәмен түсіп кетті ирендең.
Жардың төсін алқа-салқа ағытыши
Күбірлейді шатқал бойлап күйбендең.

Тынды жауыш, сел тоқтады көсілген,
Нұр құйылды күмбез көктің төсінен.
Қыр беткейден гүл көтерді бағдарын
Моншақ жұлдыз жерге тамыш көзінен.

Қорқақ, жандай билігінен түсерде,
Сіңді сұы, қолы жетпей кемерге.
Бір қызарып,
бір көгеріп,
сүрланып,
Кемпірқосақ қалды қарап — нәсерге!

Ата қорым

Айналасы дуал, сыммен қоршалған,
Жатыр мұнда,
бай, кедей де барша жан.
Әмірінде — бақыт, мұрат аңсаган
Аңзы жылдар, тәтті күндер тамсанған.
Ұрпактары қабыр басын көтеріп
Тастан, қыштан, төрт қулактаң там салған.

Жатыр мұнда,
небір ғасыр тарих,
Кесене түр дулагасы шалқып.
Әмірнама жеткізбейді-туңғиық,
Әулие ме,
батыры ма ақ иық,
Туган, өлген жылын,
атын, руын
Құлпы тастар күзетеді қалқып!

Жатыр мұнда,
адамзаттың — анасы,
Әке, шеше, атасының атасы.
Сол атаның, жиенінің агасы,
Түп нағашы, бөлесінің құдасы.
Бір анадан екі әкеден өрбіген
Бір әкенің, он ананың баласы.

Қанагат та, қуаныш та, сабыр да,
Атақ, даңқ, абырой да, дарын да,
Махаббат та, судұлық та, жалын да.